

**Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында кастодиандық және брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруды қоса атқаратын екінші деңгейдегі банктерге қойылатын талаптар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 83, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2000 жылғы 3 қарашадағы N 415 Бірлескен қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 8 желтоқсан N 1323 тіркелді

Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы Заңы 10-бабының, Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 3) және 12) тармақшаларының, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Заң күші бар Жарлығының 8-бабы в) тармағының негізінде, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 наурыздағы Заңының 14-бабы 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - "Ұлттық комиссия") және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы (бұдан әрі - "Ұлттық Банк") қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында кастодиандық және брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруды қоса атқаратын екінші деңгейдегі банкке қойылатын мынадай талаптар белгіленсін:

1) банктің ұйымдық құрылымында бағалы қағаздар рыногында кастодиандық және брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыратын дербес бөлімшелердің бар болуы ;

2) банктің жоғарыда аталған бөлімшелерінің біріне олардың екіншісінің құзырлығына қатысты функциялар мен жұмыстарды орындауға тыйым салу;

3) банктің жоғарыда аталған бөлімшелерінің қаржы рыногындағы қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыруға тыйым салу ("Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңы 38-бабының жетінші бөлігінде баяндалған);

4) банктің жоғарыда аталған бөлімшелерінде қызметті қоса атқаруға тыйым салу, банктің осы бөлімшелерінің қызметкерлеріне олардың екіншісінің

функциялары мен міндеттерін жүктеуге тыйым салу, банктің осы бөлімшелерінің қызметкерлерінің бірінің құқықтары мен өкілеттіктерін олардың екіншісінің қызметкерлеріне өткізіп беруге (табыстауға) тыйым салу;

5) банктің жоғарыда аталған бөлімшелерінде бөлек үй-жайлардың бар болуы;

6) банктің жоғарыда аталған бөлімшелері ие болып отырған үй-жайларда оларға рұқсат етілудің реттелген жүйелерінің бар болуы;

7) банктің жоғарыда аталған бөлімшелерінің бірінің қызметкерлерінің олардың екіншісінің үй-жайына кіруіне және бұл қызметкерлердің осы үй-жайларда болуына тыйым салу;

8) банктің жоғарыда аталған бөлімшелерінде есеп жүргізудің және құжат айналымының жеке жүйелерінің бар болуы;

9) банктің жоғарыда аталған бөлімшелерінің бірінің қызметкерлерінің олардың екіншісінің құжаттамасына және бағдарламалық-техникалық кешендеріне (оның ішінде мәліметтердің электрондық жүйесіне) қол жеткізуге тыйым салу;

10) банктің кез келген лауазымды тұлғасына және қызметкеріне банктің жоғарыда аталған бөлімшелерінің біріндегі ақпаратты (өздерінің қызметінің күшінде немесе оларға берілген құқықтар мен өкілеттіктердің күшінде оларға рұқсат етілген) банктің жоғарыда аталған бөлімшелерінің екіншісінің қызметкерлеріне беруге тыйым салу.

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында кастодиандық және брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруды қоса атқаратын екінші деңгейдегі банктер өздерінің қызметтерін (аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру тәртібін реттейтін ішкі нормативтік актілерді қоса) осы Қаулы күшіне енгізілгеннен бастап алпыс күн ішінде оған сәйкес келтіруге міндеттелсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның (оған осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның мүшелері болып табылмайтын екінші деңгейдегі банктердің назарына

ж е т к і з с і н ;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногындағы қандай да болмасын қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген екінші деңгейдегі банктердің назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

*Ұлттық комиссияның Төрағасы      Ұлттық Банктің Төрағасы*

*Ұлттық комиссияның мүшелері      Ұлттық Банк Басқармасының  
мүшелері*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК